

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Жерді тұрақты пайдалануға арналған мониторинг және қоршаған орта туралы ақпаратты басқару жүйесі" жобасы бойынша техникалық көмек туралы келісім-хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1225 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Жерді тұрақты пайдалануға арналған мониторинг және қоршаған орта туралы ақпаратты басқару жүйесі" жобасы бойынша техникалық көмек туралы келісім-хаттың жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Байғазықызы Самақоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Жерді тұрақты пайдалануға арналған мониторинг және қоршаған орта туралы ақпаратты басқару жүйесі" жобасы бойынша техникалық көмек туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік
б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

Қаржы министрі,

2004 жылғы 17 тамыз

(А Д Б

Б а с қ а р у ш ы с ы)

А .

Д у н а е в

м ы р з а ғ а

Жеңіс 33, Астана 473000

Құрметті Дунаев мырза,

Тақырып: "Жерді тұрақты пайдалануға арналған мониторинг және қоршаған орта туралы ақпаратты басқару жүйесі"

Техникалық көмегі (ТК N 4375-KAZ)

Осы хатпен Сізді Азия Даму Банкінің 2004 жылғы 16 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметіне тұрақты жер пайдалануға арналған қоршаған ортаны басқару үшін 600000 (алты жүз мың) АҚШ доллары эквивалентінен аспайтын сомаға техникалық көмек бөлу мақұлдағанын хабардар етемін. ТК жобасы 1995 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасы Үкіметі АДБ арасындағы Техникалық Көмек туралы Негіздемелік Келісімге (і) және осы хаттың Қосымшасы ретінде қоса берілген Техникалық Көмек туралы Есептің (ТК туралы Есеп) 14-17 параграфтары мен 1 және 3-

қосымшаларында жазылған тетіктерге (ii) сәйкес қаржыландырылады және іске асырылады. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ТК туралы Есепке сәйкес жоба жөніндегі атқарушы агенттіктің қызметін орындайтын болады.

Осы техникалық көмек АДБ қаржыландыратын ТК арнайы қорындағы қаржыдан грант негізінде толық бөлінеді.

Осы жоба ТК тізіміне атқарушы агенттікке консультанттарды іріктеу және жұмысқа алу жөніндегі өкілеттік беру мақсатындағы АДБ пилоттық зерттеулері үшін енгізілді. Негіздемелік Келісімнің 3.01 бөліміне сәйкес АДБ Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне осы ТК шеңберінде консультанттарды іріктеу және жұмысқа алу жөніндегі өкілеттікті береді. Консультанттарды іріктеу, тарту және жұмысына қадағалау тетіктері Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен және АДБ келісілуі тиіс.

Егер, осы шарттар Сіздерге оңтайлы болса, Үкіметтің атынан қол қою үшін осы хатты Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жіберулеріңізді сұралады. Бір дана Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде қалады, ал екінші данасын АДБ Банкісіне жіберіледі.

АДБ Шығыс және Орталық Азия Департаменті ауыл шаруашылығы, қоршаған орта және табиғи ресурстар Басқармасының Директоры ретінде маған осы жобаның іске асыру жауапкершілігі жүктеледі. Сондықтан, жоба жөніндегі барлық хат-хабарларды менің атыма жіберулеріңізді сұраймын.

Құрметпен,

К а ц у д ж и

М а ц у н а м и

Шығыс және Орталық Азия Департаменті ауыл шаруашылығы, қоршаған орта және табиғи ресурстар Басқармасының Директоры

Растайды:

Қ Р

Ү к і м е т і

а т ы н а н

У ә к і л е т т і

т ұ л ғ а

(қолы және аты-жөні баспа әріптерімен ағылшын тілінде)

Лауазымы: _____

Күні: _____

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

ТК N 4375-KAZ

Қ о с ы м ш а

(Есеп беру)

**"ЖЕРДІ ТҰРАҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН МОНИТОРИНГ
ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІ"
ЖОБАСЫ БОЙЫНША**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК

2004 жылғы тамыз

ВАЛЮТАЛАР БАҒАМЫ (2004 жылдың 5 шілдесіне)

Өлшеу валютасы - Теңге (ҚЗТ)
1,00 ҚЗТ = 0,0074 АҚШ долларлары
1,00 АҚШ доллары = 135,8500 ҚЗТ

ОСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ СИПАТТАМАСЫ

Кедейлік бойынша жүйелеу - басқа
Сала - ауыл шаруашылығы және табиғат ресурстары
Кіші сала - қоршаған ортаны қорғау және алуан түрлілік
Тақырып - экологиялық тұрақтылық
Кіші тақырып - табиғат ресурстарын қорғау

ЕСКЕРТУЛЕР

- (i) Үкіметтің қаржы жылы (ҚЖ) 31 желтоқсанда бітеді
- (ii) Осы есеп беруде "\$" белгісі АҚШ-тың долларын білдіреді

Есеп беруді Шаоинь Ма ханым дайындады, Шығыс және Орталық Азия Департаменті, Ауыл шаруашылығы, қоршаған орта мен табиғат ресурстарын қорғау Басқармасы

1. Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі (Үкімет) тұрақты ауылшаруашылық жерлерді пайдалануды қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаға мониторинг жасау және ол туралы ақпаратты басқару жүйесін жақсарту мақсатында Азия Даму Банкісіне (АДБ) консультациялық техникалық көмек (ТК) беру туралы сұрау салды. Осы ТК¹ АДБ-нің Қазақстан үшін жасалған Елдік стратегиясы және 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасына қосылған болатын, және АДБ осы ТК-ті іріктелген жобалардың бірі ретінде консультанттарды жалдау және олардың іс-әрекетіне техникалық көмек шеңберінде атқарушы агенттік жасайтын қадағалау өкілеттіктерін беру жөніндегі АДБ қолдаған пилоттық зерттеуге қосуға келісті.

АДБ-нің зерттеу миссиясы 2004 жылдың мамырында Қазақстанға келіп, Үкіметтің тиісті ведомстволарының ресми өкілдерімен талқылау жүргізді. Талқылаулар

барысында ТК-тің мақсаттары, көлемі, консультанттардың техникалық тапсырмасы, шығындар сметасы, іске асыру тетігі және пилоттық зерттеулердің іске асырылу рәсімі келісілді. ТК-тің негізі 1-қосымшада көрсетілген.

2. Проблемалық мәселелер

2. Ауыл шаруашылығы - Қазақстандағы мұнаймен байланысы жоқ өндірістің ірі секторы, ол 2003 жылы жалпы ішкі өнімнің 18 %-ға жуық бөлігін құрады. Ел халқының 44 % ауыл мекенде тұрады. Қазақстан - Орталық Азиядағы аумағы бойынша ең ірі ел, оның көлемді жер ресурстарының ауыл шаруашылығын дамыту үшін мықты әлеуеті бар ². Алайда жердің 66 % тозудан зардап шегіп, шөлейттену, топырақтың эрозиясы, сусыздандыру және топырақтың тұздану ұлғая түскен қаупіне ие болып отыр. Жер тозуының басты себептері болып ауылшаруашылық алқаптары мен су ресурстарын дұрыс басқармау табылады. Оның ішінде шектен тыс бағу, экстенсивтік суландыру торабы шеңберінде су ресурстарын сапасыз басқару және су бөлудің сапасыз жүйесі. Басты экономикалық салдарлар санына ауылшаруашылық дақылдарды өсірудің төмендеуі, мал басы мен мал шаруашылығының нашарлануы, ауыл шаруашылық өнімнің экспорттық әлеуетінің төмендеуі және тамақ пен жеңіл өнеркәсіптің дамуындағы тоқырау кіреді. Кіріс диверсификациясының жоқтығы, ауыл шаруашылығы мен ауыл мекендерде тұратын отбасылар кірістерінің төмендеуі көптеген ауылшаруашылық өңірлердегі жердің тозуына тікелей байланысты. Жердің тозуы экономикалық дамуға кедергі келтіретін басты фактор болды, және осы беталысты өзгерту ауыл халқы өмірінің деңгейін нығайтуға өте маңызды болып тұр. Үкімет бар проблемаларды түсініп отыр, осыған байланысты аталған проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар стратегиялар әзірленді. 2030 жылға дейінгі Ұзақ мерзімді даму стратегиясында ұзақ мерзімді мақсаттар санына ауылдағы өмір сапасын жақсарту мен экологиялық қауіпсіздік кіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген 2004-2010 жылдарға арналған ауыл аумақтарын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама ауыл елді мекендерді дамыту қажеттігін атап айтуда, сол ауыл елді мекендерде ұзақ мерзімді кіріс әлеуеті және нарықтық экономика жағдайында жұмыспен қамтудың өсуі бар, экономикалық өсудің перспективасы шектеулі өңірлерден немесе экологиясы жайсыз аудандардан миграциялық ағындарды тартуды көздей отыр.

¹ - Осы ТК-тің сипаттамасы алғаш рет 2004 жылғы 4 наурызда ADB Business Opportunities (Интернет үшін версия) жарық көрді

² - Қазақстан аумағының жалпы көлемі 272,5 миллион га құрайды, оның ішінде 222 миллион га ауыл шаруашылық жерлер құрайды

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 49 қаулысымен бекітілген Шөлейттенумен Қазақстан Республикасында күрес жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мен Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен мақұлданған 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы шөлейттенумен күрес жөніндегі бағдарламалардың іске асырылуына салааралық тұрғыдан қарау керек екенін атап айтады және 2002-2011 жылдарда іске асырылуға жоспарланған Іс-шараларының тізбесін қарастырады, оның ішінде жер пайдалануды талдау әдістемесін әзірлеу, мониторинг және ақпаратты басқару жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ шөлейттенуді бақылау бойынша пилоттық жобаларды іске асыру.

4. Мониторинг және ақпаратты басқару тиімді жүйесі жоқтығының проблемасы жаңа емес. Қоршаған ортаны қорғауға және жер ресурстарын басқаруға байланысты ақпаратты жинау мен өңдеу тәуелсіздік алған сәттен бастап нашарлады. Алайда, ең қажеттісі болып тұрған тек ғана деректерді жинау емес, ал қазіргі таңда жиналып жатқан деректерге талдау жасап, бір саясат және бағдарламаны әзірлеу немесе жоба дайындау үшін өзгеріп жатқан сұраныстарға сай өзгертулер енгізу. Көбінесе деректер жиналған, бірақ жасалып жатқан әрекеттердің мақсаттары және пайдасы жөнінде негізгі сұрақ қойылмаған, сондықтан олардың шешу қабылдау үрдісін қолдау, жобаларды әзірлеу және басқа практикалық мақсаттар үшін аса құндылығы жоқ. Одан басқа, тағы бір проблема деректердің сыйымдылығы, салыстырулығы, сенімдігі және қол жеткізулігі болып табылады, мұның бәрі түрлі салалық тораптарды бір ақпараттық жүйеге байланыстыру үшін қажет. Мысалы, жер ресурстарын басқаруға жауапты әртүрлі ведомстволар қолданылатын жер тозуы үрдісіне жүргізетін мониторинг критерийлері салыстырылынбайды, және олар БҰҰ-ның Шөлейттенумен күрес жөніндегі конвенциясының (UNCCD) көрсеткіштеріне сәйкес келмейді.

5. Тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін мониторинг және ақпаратты басқару жүйесінің құрамында экологиялық аудит қажет, ол жер тозуымен күрес жөніндегі мемлекеттік стратегиялар мен жоспарларды іске асыруға ықпал етеді. Аудиттың тиімді және іс-тәжірибелі жүйесі су және басқа ауыл шаруашылық ресурстарды тиімді пайдалану үшін стандарттарды қалыптастыруын қамтамасыз етеді, нақты жай-күй аудитіне тұрғылар ұсынады және стандарттарды сақтау бойынша ең ыңғайлы әдістер мен жерге кері әсер тигізуді азайтуды айқындайды. Осындай аудиттың жүйесі Қазақстанда мүлдем жоқ. Мұндай жүйе идеяларды әзірлеу үшін және ауыл шаруашылық ведомстволар мен фермерлер құрамында өндірістік шығындарды төмендете алатын, сонымен бірге экологиялық пайда түсіретін ең жақсы әдістерді қолдануға білім қалыптастыру үшін керек.

6. Табиғи ресурстарын жақсартылған басқару мен кедейлікті төмендету арасындағы өзара байланыстың маңызды буыны болып АДБ-нің Қазақстан үшін 2004-2006 жылдарға арналған Елдік стратегиясы және Орталық Азия аумақтағы елдер үшін

аумақтық стратегия болып түсініледі. Қазақстан жер ресурстарын басқару мәселелеріне жоғары приоритетті мән береді, сондықтан елде 1 консультациялық ТК және 10 аумақтық ТК іске асырылды. Тиісті ТК³-терден шығарылған сабақтар мынаны қосады : (i) тек ғана Үкіметтің республикалық деңгейінде шоғырланған әлеуеттің қалыптасуы, тым теориялық болып келеді де осы ұйымдардың нақты қажеттіліктерімен тікелей байланыспайды; және (ii) экология мәселелерін басқаруға тұрақты қабілет түрлі ведомстволардың қатысуы арқылы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ведомствомен қатар, республикалық және жергілікті деңгейлерде ең жақсы басқарылады. Жақын арада АДБ жер ресурстарын басқару саласындағы Орталық Азия елдерінің бастамасы бойынша бастаған бағдарламасы жер ресурстарын басқару мәселелерін есепке алуды тұрақты дамудың жалпы саясаттары мен бағдарламаларына және саясат пен заңнамалық даму жағынан, іске асырылып жатқан инвестициялық жобалар үшін институционалды нығайту жағынан интерактивті қол сұғулардың бірқатарын қамтитынын атап айтады. Осы ТК жер ресурстарын басқару саласындағы Орталық Азия елдерінің бастамасына сәйкес жүзеге асырылады да мониторинг пен ақпаратты басқарудың аз шығынды салааралық жүйесін әзірлеуге Үкіметке қол үшін беру үшін жасалған. Ол тұрақты жер пайдалану үшін қоршаған ортаны қорғаудың тетіктерін қалыптастыруды және саясатын әзірлеуді, бағдарламалары мен жобаларын дайындауды қолдау үшін жасалған. Осы ТК-тің шеңберінде Оңтүстік Қазақстан облысында іске асырылатын пилоттық жоба тек қана облысқа оң әсерін етпей, сондай-ақ барлық елге және Орталық Азияның басқа елдеріне таратылады.

³ - АДБ. 1999. *Қоршаған ортаны қорғауды басқаруын нығайту жөніндегі Қазақстан Республикасына техникалық көмек. Манила*; АДБ. 2000. *Орталық Азияда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың аумақтық жоспарын әзірлеу бойынша техникалық көмек. Манила*; АДБ. 2000. *Азиядағы шөлейттенумен күрес жөніндегі техникалық көмек. Манила*.

7. Тиісті ТК Қазақстандағы басқа халықаралық көмек агенттіктерімен көрсетіледі, оның ішінде жер пайдалану жөніндегі Базалық географиялық деректер; Тіркеу және кадастры (халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Жапония агенттігі - JICA); Арал теңізінің бассейні үшін гидрометеорология қызметтерін ұсыну бағдарламасы (Швейцария Үкіметі); және елдегі қоршаған ортаның жай-күйі жөніндегі Веб-сайт (БҰҰ мен Норвегия Үкіметінің бірлескен экологиялық бағдарламасы). Осы жобалардың көбі мемлекеттік деңгейде ақпаратты басқарудың маңыздылығын немесе Арал теңізінің бассейнінде екендігін атап өтеді. Дүниежүзілік Банкі/Жаһандық экологиялық қор қолдап отырған Қуаң жерлерді басқару жөніндегі қазіргі уақытта асырылып жатқан

жоба Қарағанды облысы қуаңшыл Шет ауданының маргиналды экожүйесінде тұрақты жер пайдаланудың тәсілдерін көрсетуге бағытталған. Осы ТК басқа көмек агенттіктерінің іс-әрекеттерін толықтырады.

3. Техникалық көмек

А. Мақсаты және нәтижелері

8. Осы ТК экологиялық аудит, мониторинг және ақпаратты басқару жүйесі мәселелеріндегі институционалды әлеуетті күшейтуге, тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін саясатты әзірлеуді, бағдарламалар мен экологиялық шараларды дайындауды қолдау үшін бағытталған. Осы ТК-тің нәтижелері болып мыналар табылады: (i) тұрақты ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану үшін аудитты, мониторинг пен қоршаған орта туралы ақпаратты басқаруды жақсарту үшін әдістемелер мен жедел нұсқаулар; (ii) Оңтүстік Қазақстан облысындағы тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін саясатты әзірлеуге, бағдарламалар мен экологиялық шараларды дайындауға байланысты нақты қажеттіліктерге сай жүйені үлгілік іске

а с ы р у

4

⁴ - Оңтүстік Қазақстан облысы үлгілік пайдалану үшін мынадай критерийлер негізінде таңдалған: (i) шөлейттену мен жер тозуының пайызы өте жоғары облыс; (ii) жер тозуының негізінде кедейліктің жоғары пайызы; (iii) мемлекеттік басқарудың облыс органының осы жұмысқа қатысуға ынтасы; (iv) деректердің бар болуы; және (v) осы жоба басқа АДБ-нің жобаларын толықтырады;

В. Іс-әрекеттің әдістемесі мен басты бағыттары

9. Салааралық және процессуалдық тұрғы қолданылады, ол тек ғана республикалық және жергілікті деңгейдегі қоршаған ортаны қорғау органдарының емес, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен жер ресурстарын басқаруға жауапты органдардың қатысу қажеттігін атап отыр. Ауыл шаруашылық министрлігі, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік, UNCCD жұмыс тобы және Қоршағанортамині басшыларының санынан Бақылау комитеті қалыптасады. Халықаралық консультанттардан Үкімет персоналына тәжірибе мен білім беру үшін, Қоршағанортамині (атқарушы агенттік) және жергілікті мүдделі персонал тек қана өндірістен үзіліссіз оқытуда емес, сондай-ақ іс-әрекеттің бар басты бағыттарында қатысады, ол мынадай: құжаттарды зерделеу, проблемаларды талдау, әдістемелер мен нұсқауларды әзірлеу, сондай-ақ пилоттық жоба мен бұдан арғы бағдарлама бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

10. Осы ТК келесі өзара байланысты шараларға қолдау көрсетеді: (i) экологиялық аудит, мониторинг және ақпаратты басқару жүйесі саласындағы республикалық және жергілікті деңгейлерде қажеттіліктерді анықтау, ол тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін саясатты әзірлеуге, бағдарламалар мен қоршаған ортаны қорғау

шараларын дайындауға керек; (ii) түрлі ведомстволар жүзеге асыратын аудит, мониторинг және ақпаратты басқару жөніндегі бар басты бағдарламаларға шолу жасау, және республикалық және жергілікті қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында олардың олқылығын анықтау; (iii) бар жүйелерді жетілдіру үшін тиімді және аз шығынды әдістеме мен жедел рәсімдерді әзірлеу; (iv) Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудит, мониторинг және экологиялық ақпаратты басқару пилоттық жүйесін әзірлеу, ол жүйе қоршаған ортаны қорғау шаралары мен бағдарламаларын дайындаудағы, саясатын әзірлеудегі нақты қажеттіліктерге сай болу керек; (v) облыс басшылығына саяси жаңалықтар, инвестициялық бағдарламаның тұжырымдамасы және ақпарат бағалау негізінде тұрақты жер пайдалану үшін қоршаған ортаны қорғау шараларының жүйесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу.

11. Жұмыстың басты кезеңдері аяқталғаннан кейін төрт салааралық семинар ұйымдастырылады, олардың мақсаттары: ТК-ті іске асыру құрылымын талқылау, ТК тұжырымы бойынша ескертулер алу және басты мүдделі тұлғалар арасында келісімділікке қол жеткізу ⁵. Бақылау комитетінің басты мүшелері бола тұра, Ауыл шаруашылық министрлігі, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік, UNCCD жұмыс тобы және Қоршаған ортаны қорғау министрлігі бір-бір семинар ұйымдастырады. ТК-ті іске асыру барысында басқарудың республикалық және жергілікті органдары үшін консультанттар бірқатар оқытушы семинар жүргізеді. Республикалық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдар ТК-тің әзірлеуі мен іске асыруында қатысады. Үкіметтік емес ұйымдардың семинарларға және пилоттық жобаны іске асыруға қатысуынан басқа, мониторинг пен ақпараттық торапты қалыптастыруға ықпал ететін факторлар ретінде үкіметтік емес ұйымдардың рөлі туралы, сондай-ақ саясатты әзірлеудегі олардың рөлі туралы бөлімдер жалпы әдістеме мен нақты нұсқауларға енгізіледі.

⁵ - Бірінші семинар барысында әдістеме мен нұсқау жоспары талқыға түседі. Екінші семинарда әдістеме мен нұсқаудың жасалған жобалары және үлгілік іске асырудың тетігі пысықталу жоспарланады. Үшінші семинарда үлгілік пайдаланудың нәтижелерін бағалау болады да үлгілік пайдаланудың нәтижелерін ескере отыра өзгертілген әдістеме мен нұсқау пысықталады. Соңғы семинарда келесі бағдарлама бойынша ұсыныстың жобасы және ТК жалпы қорытындылары талқыға түседі

С. Құны мен қаржыландыруы

12. Осы ТК-тің құны эквивалентте 800000 (сегіз жүз мың) АҚШ долларларын құрайды, оның ішінде 377000 (үш жүз жетпіс жеті мың) АҚШ долларлары шетелдік валютадағы шығындарға және эквивалентте 423000 (төрт жүз жиырма үш мың) АҚШ долларлары жергілікті валютадағы шығындарға жұмсалады АДБ эквивалентте 600000 (алты жүз мың) АҚШ долларлары сомасына қаржыландыруды береді, оның ішінде

377000 (үш жүз жетпіс жеті мың) АҚШ долларлары шығындардың толық сомасын шетелдік валютада және эквивалентте 223000 (екі жүз жиырма үш мың) АҚШ долларлары шығындарды жабуға жергілікті валютада. ТК-ті АДБ гранттық негізде ТК-ті қаржыландыру құрамында қаржыландырады. Шығындардың қалған сомасын Үкімет жергілікті валютада эквивалентте 200000 (екі жүз мың) АҚШ долларлары ақшалай түрде сомасында қаржыландырады. 2-қосымшада шығындар сметасы ұсынылған.

Д . І с к е а с ы р у т е т і г і

13. Қоршағанортамині осы ТК үшін атқарушы агенттік болады. Жобаны іске асыру үшін Бақылау комитеті құрылады, оның төрағасы болып Қоршағанортаминінің вице-министрі болады, оның құрамына Ауыл шаруашылық министрлігі, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік және UNCCD жұмыс тобының өкілдері кіреді. Бақылау комитеті осы ТК-тің шеңберінде жұмыстардың жалпы басқаруын жүзеге асырады. Бақылау комитетінің мүшелері осы ТК-ті іске асыру уақытына 2-3 рет ғана жиналады. Қоршағанортаминінде ТК-ті басқару жөніндегі топ құрылады (ГУТП), ол ТК-тің жыл сайынғы үйлестіруін жүзеге асырады. ГУТП басшысы Қоршағанортаминінің білікті жоғары лауазымды қызметкері болады, ол ТК-ті іске асырудың жалпы үйлестірушісі болады. ГУТП бір қызметкері әкімгер-ассистенттің міндеттерін орындайды. ГУТП құрамына бес техникалық сарапшы, UNCCD жұмыс тобынан, Гидрометорталықтан, Қоршағанортаминінің ақпараттық-талдау орталығынан бір-бір өкілден және Оңтүстік Қазақстан облысынан екі өкіл кіреді.

14. Халықаралық және жергілікті консультанттардан топ жалданады. Халықаралық консультанттар фирма қызметкерлері ішінен іріктеу әдіспен сапа және құны негізінде *АДБ-нің Консультанттарды тарту жөніндегі нұсқауына сәйкес* жалданады. Жергілікті консультанттар АДБ-іне ыңғайлы рәсімге сай іріктелініп алынады. Жобаны іске асыру үшін 12 адам/айлар халықаралық консультанттар және 40 адам/айлар жергілікті консультанттар керек болады. Халықаралық сарапшылар жер ресурстарын басқаруда (i) (5 адам/айлар); (ii) экологиялық аудит пен мониторингте (жер ресурстарының, 3 адам/айлар); және (iii) экологиялық ақпаратты басқару жүйелерінде (4 адам/айлар) тәжірибелі болу керек. Жергілікті консультанттарда мынадай тәжірибе болу керек: (i) ауыл шаруашылығының экономикасы және ауыл аумақтарын дамыту; (ii) географиялық ақпараттық жүйелер; (iii) ақпараттық технологиялар (компьютерлер, бағдарламалық қамтамасыз ету, веб-беттерінің дизайны); (iv) жер пайдалануды жоспарлау және жер кадастры; (v) топырақтану; (vi) су ресурстарын басқару; (vii) экология мен жер пайдалануды жоспарлаудың құқықтық және институционалды аспекті; (viii) ауыл социологиясы. Бір халықаралық консультант жобаның жетекшісі болады, ал бір жергілікті консультант оның орынбасары болады. Консультанттардың қызметтерін ұсыну үшін техникалық тапсырманың жоспары 3-қосымшада ұсынылған. Консультанттардың жеңілдетілген ұсыныстарын ұсыну рәсімі пайдаланады. ТК-тің іске

асырылуы 14 ай мерзіміне жоспарланады. ТК-тің іске асырылуына жабдық ТК-тің қаржыландыру есебінен болады және оны консультанттар Жабдықты сатып алу нұсқауына сай сатып алады.

15. Үкімет және АДБ осы ТК-ті пилоттық зерттеулер шеңберінде консультанттарды жалдау және оларды қадағалау жөніндегі делегация үшін іріктелген жобалар санына АДБ мақұлдаған ТК-ке берілетін құрамында атқарушы агенттіктерге (Пилоттық зерттеу)⁶ қосуға келісті. Атап айтқанда, Қоршағанортамині пилоттық зерттеулер туралы Директорлар Кеңесінің Есеп беруінде қарастырылған іске асыру рәсімдерін, және АДБ уақыт сайын сұрап қалуы мүмкін сондай басқа да ұсақ рәсімдер мен әдістерді орындауға келіседі. Үкімет пен АДБ арасында 1995 жылғы 5 қазанда қол қойылған техникалық көмек көрсету туралы (РСТП) Негіздемелік келісімнің мерзімдері мен шарттары осы ТК-ке қолданылатынын Қоршағанортамині түсінеді. Техникалық көмек көрсету туралы Негіздемелік келісімнің (РСТП) 3.01 Бөлігіне сәйкес АДБ Үкіметке фирмаларды (немесе жеке тұлғаларды, егер ол қолайлы болса) іріктеп алу және осы ТК-тің шеңберінде олардың жұмысына қадағалау бойынша өкілеттіктерді беруге келісті. Осы ТК үшін Техникалық көмек көрсету туралы Негіздемелік келісімнің (РСТП) шеңберінде қол қойылған ТК туралы келісім-хат осы тетікті тиісті үлгіде көрсетеді. Техникалық көмек көрсету туралы Негіздемелік келісімде қарастырылғандай (РСТП), осы ТК-тің шеңберінде Үкімет жалдаған және қадағалайтын консультанттар, басқа міндеттердің арасында, АДБ-нің миссиясын жүзеге асыратын сарапшылар статусына ие болады, және осындай сарапшылар *Азия Даму Банкі Құрылтайшы шартының* ережесіне сай болады.

⁶ - АДБ. 2003. Атқарушы агенттіктерге консультанттарды жалдау және оларды қадағалау жөніндегі Пилоттық зерттеу. Манила.

4. БАНК ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ШЕШІМІ

16. Директорлар Кеңесінің берген өкілеттіктерінің шеңберінде Президент 600000 (алты жүз мың) АҚШ долларлары сомасынан аспайтын техникалық көмекті Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант түрінде Тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін экологиялық мониторинг және ақпаратты басқару жүйесін қалыптастыру жобасын іске асыру үшін беруді мақұлдады және осымен сол шешім туралы Кеңеске хабарлайды.

ТК туралы Есеп беруге 1-қосымша

Техникалық көмек негізі

	Іске асыру сапасының		
--	----------------------	--	--

Жобаның сипаттамасы	көрсеткіштері / мақсаттары	Мониторинг тетіктері	Алдыңғы сілтеулер тәуекелділік аламе
1	2	3	4
<p>Мақсат Тұрақты жер пайдалану факторларын есепке алу тетіктерін жақсарту</p>	<p style="text-align: center;">Ж е р</p> <p>ресурстарын басқару саласындағы Орталық Азия елдерінің Бастамасымен қойылған мақсаттарға жету (ОАЖРББ)</p>	<p>Саяси диалог Елдердің шолу миссиясы Мемлекеттік есептер мен құжаттар</p>	<p style="text-align: center;">Т ұ р а қ т ы</p> <p>пайдалану факторларын есепке алу Үкімет басым бағыретінде қарауы тиіс</p>
<p>Міндеттер Экологиялық аудит, тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз етуге арналған саясатты әзірлеуді қолдаудағы, бағдарламалар мен жобаларды және экологиялық шараларды дайындаудағы ақпарат басқару мониторингі мен жүйесі мәселелерінде институционалдық әлеуетті күшейту</p>	<p style="text-align: center;">Э ко л о г и я л ы қ</p> <p>мониторинг және ақпарат басқару жүйесі, сондай-ақ осы жүйелерді қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясат дамуындағы, бағдарламаларды және іс-шараларды дайындаудағы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес қолдану саласындағы стратегияны әзірлеу және жақсартылған көз-қарастарды қабылдау</p>	<p>Саяси диалог Техникалық көмек (ТК) есептері және шолу миссиясы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің (Қоршаған ортамині) және басқа ведомстволардың есептері</p>	<p style="text-align: center;">Қ о р ш а ғ а н</p> <p>минінің, атқарушы агентінің тарабынан мықты көшбасшылық және қызығушылық Осы ТК ісін асыру Қоршаған ортаминінің жән жергілікті органдардың жеткілікті кадр әлеуеті</p>
<p>Нәтижелер (і) Экологиялық аудитті, ақпарат басқару мониторингін және жүйесін қалыптастыруды жақсарту жөніндегі әдістемесі</p>			

<p>және іс жүзіндегі басшылық (ii) саясатты әзірлеуге, Оңтүстік Қазақстан облысындағы тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалар мен іс-шараларды дайындауға арналған нақты қажеттіліктерге сәйкес жүйелерді үлгілік енгізу</p> <p>Іс-шаралар</p> <p>(i) экологиялық аудит, ақпарат басқару мониторингі мен жүйесі саласындағы жалпы мемлекеттік және жергілікті қажеттіліктерді айқындау</p> <p>(ii) Түрлі ведомстволардағы ақпарат мониторингі мен басқарудың негізгі бағдарламаларына шолу және бағалау және жалпы мемлекеттік және жергілікті қажеттіліктерді өтей алмайтын олқылықтарды анықтау</p> <p>(iii) Қолданыстағы жүйелерді жақсарту үшін азшығынды әдістеме мен іс жүзіндегі басшылықты әзірлеу</p>	<p>Т К б і р і н ш і</p> <p>ф а з а с ы н ы ң а я қ т а л у ы ж ө н і н д е г і ү л г і л і к және Т К ф а з а с ы н ы ң а я қ т а л у ы ж ө н і н д е г і ү л г і л і к а с ы р у н ә т и ж е л е р і н е с е п к е а л а</p> <p>Т а ң д а у л ы ж ү й е н і және а я қ т а л ғ а ң а</p> <p>Т К а я қ т а л ғ а ң а</p> <p>д е й і н 2 а й</p> <p>і ш і н д е</p>	<p>Атқарылған жұмыс туралы есептер</p> <p>ТК жөніндегі шолу миссиясы</p> <p>Соңғы есеп</p> <p>Бақылау комитеті отырыстарының</p> <p>Хаттамалары</p> <p>Атқарылған жұмыстардың есебі ТК жөніндегі шолу миссиясы</p> <p>Қоршаған ортаны қорғау</p>	<p>болуы тиісті волярға ұсыну</p> <p>минінің үйлестіру мүмкіндіктері, облыстық органдардың жобаны асыруға дайындығы бейімділігі</p> <p>Қоршаған орта -</p> <p>Деректе жән ведомс ақпар</p> <p>Қоршағ</p> <p>жүзел</p> <p>м</p>
--	---	--	--

<p>(iv) Оңтүстік Қазақстан облысындағы саясат әзірлеудегі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалар мен іс-шараларды дайындаудағы нақты қажеттіліктерге сәйкес аудиттің, ақпарат мониторингінің және басқарудың пилоттық жүйесін әзірлеу</p> <p>(v) Саясаткерлерге ақпаратты бағалау негізінде тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз етуге арналған қоршаған ортаны қорғау с а я с и инновациясы, инвестициялық бағдарламаларының және тетіктерінің тұжырымдамасы мәселелеріне ұсынымдар</p> <p>(vi) Үлгілік іске асыруды жүзеге асыру үшін өндірістен қол үзбей оқуды ұсыну</p> <p>(vii) ТК нәтижелерін басқару және таратуға ескертулер алу үшін семинарлар ұйымдастыру</p> <p>(v i i i) Қоршағанортामині консультанттарды іріктеуі және олардың жұмысын бақылауы тиіс</p>	<p>нәтижелерді бағалауды жүзеге асыру</p> <p>Ж а д у а л д а ұ с ы н ы л ғ а н Қ о р ш а ғ а н о р т а - м и н і ж ә н е к е л і с і л г е н к е с т е</p> <p>м е н А Д Б</p>	<p>жөніндегі мемлекеттік әкімшілік пен (ҚОҚМӨ) Азия даму банкі (АДБ) және консультанттар арасындағы өз уақытындағы байланыс</p>	<p>м и н і н і ң р ә с і м д е р і , п е р с о н а л д ы ң к а т ы с у м е н о л а р д ы к е с т е о л а р д ы м ү м к і н д і к т е р і т у р а л ы б і л у і</p> <p>А Д</p>
---	---	---	---

Ш ы ғ ы с ресурстары Консультанттардың қызмет көрсетуі: 12 халықаралық консультант/айына және 40 жергілікті консультант/айына Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жергілікті органның және А Д Б персоналдарының жұмыс уақыты Серіктестік қаржыландыру, офистік үймерет пен жабдық	А Д Б қаржыландыруы 600000 (алты жүз мың) доллары эквивалентінде	А Қ Ш	ТК жөніндегі ш о л у миссиясы, консультанттардың есептері және Қоршаған орта-мині мен А Д Б және консультанттардың арасындағы өз уақытындағы байланыс	саудаласу Т К зерттеу б і л і к т і консультанттар-ды	К о н к ж ә н п и л о т т ы ү ш і ж а л д а у
	2 0 0 0 0 0 (е к і жүз мың) доллары эквивалентінде Үкімет т ү р д е қаржыландырады	А Қ Ш	заттай	Қоршаған орта-мині мен А Д Б және консультанттардың арасындағы өз уақытындағы байланыс	А Д Б т а р : өз у а қ ы т ы н д а і бақылау С е р і к т е с т і к қ о л д а у д ы өз у а қ ы т ы н д ұ сыну

ТК туралы Есеп беруге 2-қосымша
ШЫҒЫН СМЕТАСЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОСПАРЫ
 (АҚШ долларымен)

Шығын мақаласы	Шетелдік Валюта	Жергілікті Валюта	Барлық шығын
А. Азия даму банкісінің (АДБ) қаржыландыруы ^a			
1. Консультанттар			
a. Сыйақылар мен іссапарлар			
i. Халықаралық консультанттар	240000	0	240000
ii. Жергілікті консультанттар	0	95000	95000
b. Халықаралық және жергілікті сапарлар	40000	0	40000
i. Халықаралық консультанттар (халықаралық және жергілікті сапарлар)			
ii. Жергілікті консультанттар	0	6000	6000
2. Семинарлар, кеңестер мен оқулар	0	30000	30000

3. Есептер, аударма мен тарату	10000	10000	20000
4. Мониторингтің және ақпараттың пилоттық жүйесі			
a. ҮЕҰ деректері, зерттеулері, қызмет көрсетулері	0	30000	30000
b. Жабдық ^b	30000	0	30000
5. Түрлі әкімшіліктік шығындар мен қолдау	7000	7000	14000
6. Күтілмеген шығындар	50000	40000	90000
Бөлім (А) бойынша қорытындылар	377000	223000	600000
В. Үкіметтің қаржыландыруы			
1. Серіктестік персоналы	0	80000	80000
2. Офистік үймерет	0	80000	80000
3. Әкімшіліктік қолдау	0	40000	40000
Бөлім бойынша қорытындылар (В)	0	200000	200000
Барлығы	377000	423000	800000

ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар.

^a АДБ техникалық көмегін қаржыландыру бағдарламасының есебінен қаржыландырылады.

^b Жабдық бағдарламалық қамтамасыз етуді, компьютерлер мен аксессуарларды, сондай-ақ мониторингке арналған жай жабдықты қамтиды.

Көзі: АДБ мамандарының есебі.

ТК туралы Есеп беруге 3-қосымша

Консультанттарға арналған техникалық тапсырма жоспары

1. ТК іске асыру үшін айына 12 халықаралық және айына 40 жергілікті консультанттар қажет. Халықаралық сарапшылардың (айына қанша адам екені жақша ішінде көрсетілген) (i) жер ресурстарын басқаруда (топ жетекшісі, 5); (ii) экологиялық аудит пен мониторингте (жер ресурстарында, 3); (iii) экологиялық ақпарат басқару жүйесінде (4) жеткілікті тәжірибелері болуы тиіс. Жергілікті консультанттардың мынадай тәжірибесі болуы тиіс: (i) жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау саясаты (топ жетекшісінің орынбасары, 7); (ii) ауыл шаруашылығы экономикасы мен ауылдық аумақтардың дамуы (4); (iii) географиялық ақпараттық жүйелер (5); (iv) ақпараттық технологиялар (компьютерлер, бағдарламалық қамтамасыз ету, веб-беттер дизайны, 3); (v) топырақтану және экологиялық мониторинг (4); (vi) су ресурстарын басқару (3); (

vii) кедейлікті жою (2); және (ix) агрономия (2). Жергілікті персоналдың бөлінбегендері ТК іске асыру құрылымы неғұрлым нақтырақ түсінікті болғанда анықталатын қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын болады.

A. Міндеттер

1. Халықаралық консультанттар

2. Үш халықаралық консультант бірігіп жұмыс істейтін болады. ТК іске асыру барысында әрбір консультант неғұрлым қолайлы уақытта қызмет көрсетеді. Халықаралық консультанттар мынадай міндеттерді орындауы тиіс болады:

(i) жер тозуының/шөлейттенуінің алдын алу мен бақылау жөніндегі мониторинг пен ақпарат басқару жүйелері саласындағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанда қолдануға болатын ең жақсы әдістерді қолданады;

(ii) жергілікті консультанттармен бірлесе тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін экологиялық аудит, мониторинг және саясат әзірлеуге, қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары мен іс-шараларын дайындауға арналған ақпарат басқару саласындағы жалпы мемлекеттік және жергілікті қажеттіліктерді анықтайды;

(iii) түрлі ведомстволар пайдаланған мониторингтің және ақпарат басқарудың қолда бар негізгі бағдарламаларына талдау жасайды және бағалайды және республикалық және жергілікті қажеттіліктерді қанағаттандыруға кедергі келтіретін олқылықтарды анықтайды;

(iv) қолда бар жүйелерді жақсартуға арналған әдістемені және жедел басшылықты (а) пайдаланушылардың нақты анықтауды, (b), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатты әзірлеу, бағдарламалар мен шараларды дайындау үшін қажетті көрсеткіштерді, (c) мониторинг әдістемесін және деректер базасын әзірлеу мен басқаруды, (d) негізгі ведомстволар арасында ақпарат алмасу мен беру тетіктерін және рәсімдерін, (e) деректердің сыйымдылығын, салыстырмалылығын, қол жеткізілуін, және сенімділігін, (f) қоршаған ортаны қорғау саясат әзірлеу, бағдарламаларын дайындау мен шараларын әзірлеу мақсатында неғұрлым маңызды қажеттіліктерге сәйкес деректер талдауының әдістемесін және (g) ақпарат басқару жүйелерін пайдалана отырып шешімдерді қабылдауға бейім тетіктерді және рәсімдерді қоса алғанда, әзірлейді және дайындайды;

(v) Оңтүстік Қазақстан облысындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатты әзірлеу, бағдарламаларды немесе шараларды дайындау мақсатында іс жүзіндегі қажеттіліктерге сәйкес мониторингтің пилоттық жүйесін және ақпарат басқаруды мыналарды қамту мүмкіндігімен әзірлейді: (a) жер пайдалану және жер сапасы (рельеф, өсімдіктер, су ресурстарының статусы, биологиялық әртүрлілік, топырақтағы құнарлы заттар құрамы, ауыл шаруашылық жүйелері мен жер ресурстарын пайдаланудың қолданылған әдістері) мәселелерін көрсететін маңызды сипаттамаларды түгендеу, басқа негізгі әлеуметтік-экономикалық, заң, ұйымдастырушылық; және техникалық көрсеткіштерді көрсететін деректер базасы және статистикалық картография, (c)

кедейлікті жоюмен, шөлейттенуге бақылаумен, ауыл шаруашылығының, орман шаруашылығының даму жоспарларымен, су және жер ресурстарын пайдаланумен, жайылымдарды және мал шаруашылығын басқарумен байланысты түрлі саясаткерлердің және инвестициялық бағдарламалардың бағасы, (d) қоршаған ортаны қорғау мониторингінің әдістері;

(vi) Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер ресурстарын және инвестициялық бағдарламаларды басқару саясатының тиімділігін бағалау негізінде тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз етуге арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатты жақсарту, бағдарламаларды дайындау және шаралар жүйелерін қалыптастыру саласындағы шешімдерді қабылдауға жауапты тұлғалар үшін ұсынымдар дайындайды;

(vii) пилоттық іске асыру тұжырымдарының негізінде әдістемеге өзгерістер енгізеді және пысықтайды және басқарады.

2. Жергілікті консультанттар

3. Жергілікті консультанттар тек қана аудармашылар немесе ТК іске асуын талқылаушылар ғана болып қоймай, техникалық рөл ойнайды. Олар мынадай міндеттерді орындайды:

(i) құжаттар талдауының, зерттеулердің және республикалық және жергілікті деңгейде мүдделі тұлғаларға қойылған негізгі сауалнама құралымен экологиялық аудиттің, мониторингтің қолда бар жүйелеріндегі және ақпарат жүйелеріндегі олқылықтарды анықтауға лайықты деректер мен ақпарат, сондай-ақ республикалық және жергілікті деңгейде қажеттіліктерді жинайды және талдау жасайды; және халықаралық консультанттар күшімен осы ақпаратты шолу мен талдау жүргізуге бейім нысанда ұйымдастырады;

(ii) халықаралық консультанттарға халықаралық тәжірибені пайдаланудың қолда бар мүмкіндіктеріне қатысты Үкіметтің қабылдауына көмектеседі;

(iii) халықаралық консультанттарға мониторинг және ақпарат басқару жүйелеріне, оның ішінде іріктелген көрсеткіштер жөніндегі деректерді жинауға пилоттық қолдану жүргізуге, карталардың үлгілерін әзірлеуге, құрылымды дайындауға және облыстық деңгейде пайдаланушылармен бірлесе отырып веб-сайтты ұстап тұруға көмектеседі;

(iv) халықаралық консультанттарға оқу бағдарламаларын әзірлеуге және ұйымдастыруға көмектеседі және өз ресурстары түрінде тиісті қызметтер көрсетеді;

(v) шетелдік консультанттармен бірлесе отырып Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне (Қоршаған орта министріне), атқарушы агенттікке көмектеседі, ТК іске асырудың нәтижелері ретінде көрсетілген барлық құжаттардың жобаларын жасайды;

(vi) жоба басшысы белгілеуімен ТК негізгі мақсаттарымен байланысты басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

В. Құжаттар түріндегі нәтижелер

4. Консультанттар Қоршаған орта министріне мынадай құжаттарды ұсынуға және Техникалық көмектің (ТК) негізгі нәтижелері түріндегі қызметтерді ұсынуға

көмектеседі: (i) тұрақты жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатты әзірлеу, бағдарламаларды дайындау және шараларды әзірлеу мақсатында экологиялық аудит, мониторинг және ақпарат басқару жүйелері жөніндегі басшылық (әдістеме және жедел рәсімдер); (ii) Жұмыс нәтижелерін көрсететін қажетті құжаттарды ұсына отырып Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер тозуының алдын алу және бақылау мақсатында экологиялық аудит, мониторинг және ақпарат басқару жүйелерін әзірлеу/жақсарту.

5. Консультанттар сонымен бірге Қоршаған орта министрі мен Азия даму банкісінің (АДБ) қарауына ТК іске асыру жөніндегі жұмыстың толық сипаттағы жоспарымен бірге бастапқы есепті қызметтер көрсету басталғаннан кейін 5 аптаның ішінде ұсынады. Негізгі жоспарланған прогресс, проблемалардың шешілмеуі және орта мерзім шолуы мен ТК аяқталуының арасындағы орындалуы қажет ұсыным жасалған шешімдер мен міндеттер талқыланатын 15 беттік Аралық есеп Қоршаған орта министріне және АДБ 4-тармақта көрсетілген қолда бар құжаттар қоса берілетін Бастапқы есепті ұсынғаннан кейін 7 айдан соң ұсынылуы тиіс. 4-тармақта көрсетілген барлық құжаттардың жобалары қоса берілетін соңғы есеп жобасы (ТК негізгі тұжырымдары мен ұсынымдарын біріктіретін) ТК іске асыруды бастағаннан кейін 12 айдан соң ұсынылатын болады. Соңғы есеп жобасы Қоршаған орта министрі, Консультанттар және АДБ өкілдерінің қатысуымен болған үштарапты кездесу барысында талқыланатын болады. Консультант ТК аяқталғаннан кейін ТК жөніндегі соңғы есепті және құжаттарды ағылшын және жергілікті тілдерде ұсынады.

6. Жоба басшысы мен жоба басшысының орынбасары бірге ТК жөніндегі бастапқы, аралық және соңғы есептерге дайындауға және пысықтауға жауап беретін болады. Жоба басшысы ТК іске асыру барысы туралы хабарлап отыру және АДБ мен Қоршаған орта министрінің барлық әлеуетті проблемалар туралы ескертіп отыру үшін АДБ мен Қоршаған орта министрімен өз уақытында байланыс жасайды.